

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІV. - Б. 109-111

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШЕЖІН ЖӘНЕ БАЛЫҚТЫ КӨЛТАБАНДАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ АҚМАМЫҚ (*PUCCINELLIA*) ЖӘНЕ ҚОҢЫРБАС (*POA*) ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Карлова З.Т., Жақсыбаева Д.Қ.

1-курс магистранттары

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ.*

Батыс Қазақстан облысының көлтабандарын зерттеу ХХ ғасырдың 20-30 жылдары жылдары академик И.В.Ларин басшылығымен жүргізіле бастады. Ол Еділ-Жайықөзендерінің суайрықтарындағы 600-700 мың гектар көлтабандардың шалғын топырақтарындағы табиғи шабындықтардан гектарына 60-70 центнерге дейін пішен алуға болатынын ерекше атап өтті. Көлтабандарда өсетін табиғи шөп жамылғысының геоботаникалық ерекшеліктері мен динамикасын және биоэнергетикалық ерекшеліктерін И.В.Ларин, Т.К.Гордеева, И.В.Ларин, Ф.Я.Левина, О.М.Грищенко т.б. зерттеген. Батыс Қазақстан облысында көлтабандап суарылатын жерлерді тиімді пайдалану және суарудың гидрологиялық және гидрогеологиялық негіздері ХХ ғасырдың 70-80 жылдары профессор, а.ш.ғ.д. И.М.Фетисов басшылығымен жүйелі зерттеле басталды. Батыс Қазақстан облысының далалық және жартылай шөлейтті аудандарында тұрақты жемшөптік базаны құрауда, аз шығынды жемшөп өндіруде және халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайын жақсартуда көлтабандап суару үлкен рөл атқаратынын атап өтті. Осы жылдары облыста ірі және инженерлік 3 жабдықталған көлтабандар суару-суғару жүйелері толық іске қосылды (Жайық-Көшім, Жәнібек, Сары Өзен, Қараөзен, Бұлдырты, Қалдығайты, Оленгі, Шежін, Балықты суару-суландыру жүйелері т.б.) [1].

Көлтабандар пішіні дөңгелек кейде эллипс тәрізді болады. Көлтабандарды суару ерте көктем кезінде су тасқынымен сәйкес келетін мерзімде жүргізіледі. Көлтабандарда суару ұзақтығы 10 тәуліктен 25 (40) тәулікке дейін болады. Батыс Қазақстан облысында табиғи көлтабандардың шеткі аймақтарында суару тереңдігі 0-50 см дейін болса, орталық бөлігінде 0,50-100 см дейін терең сулы көлтабандардың орталық бөлігінде 100-200 см тереңдікке дейін су жайылады. Көлтабандарда қолайлы ылғал режимінің пайда болуы өсімдік құрамында мезофит түрлердің басым кездесуіне әкеледі. Көлтабандар топырағы мен өсімдіктерінің таралуын анықтайтын негізгі факторларға аймақтың микрорельефі мен су режимі жатады. Топырақ ылғалдылығының және жер асты суының тұздану мөлшері өзгеруіне байланысты түрлі экологиялық қатарлар немесе микробелдеу түзіледі.

Аймақтық топырақтары қызыл қоңыр немесе ашық қызыл қоңыр болатын минералданбаған жер асты суы 3-4 метрде тереңдікте жататын көлтабандардың бірінші белдеуінақ жусанды – әртүрлі шөпті – қоңырбасты және ақ жусанды, ақ мамықты – әртүрлі шөпті өсімдіктер қауымдастығы алып жатады. Аймақтың тұздану дәрежесіне қарай қоңырбастардың үлесі 30-60%-ға дейін болады. Су бастыру ұзақтығы 10-15 күн болатын белдеуде әр түрлі шөпті–қоңырбасты және миялы–қылтықсыз арпабасты – бидайықты қауымдастықтар кездеседі [2].

И.М.Фетисовтың пікірінше қазіргі кезде облыста 192 мың га. көлтабандар бар. Көлтабандардың қалған бөлігі қайта тұздану, батпақтану, сортаңдану т.б. әсерінен өз құнарлықтарын жоғалтуда. Көлтабандардың суару режимінің бұзылуы салдарынан өсу ортасының өзгереді, сөйтіп экотопикалық флуктуациялар байқалуда [3].

БҚО-да көлтабандарды суарудың перспективасы өте жоғары. Қазақстанда мал шаруашылығы қажетті пішеннің 37% дайындауға болады. Топырақтары тұзданған және сортаңданған көлтабандарды тізімнен шығарып тұзға төзімді өсімдіктер өсіру арқылы жақсартуға болады. Бірақ ескерілетін мәселе грунт сулары жер бетіне жақын орналасатын шалғын және шалғынды қызыл қоңыр топырақты учаскелерді жыртуға болмайды.

Балықты жайылмасының су тасқыны судың қатты минералдануымен сипатталады. Шектес алаңдарда бидай шөптерінің нашар дамуы кезінде жиі кездеседі. Дала өзендерінің Каспий маңы ойпатында – дала өзендерінің жазыққа шығуы немесе өзендердің су деңгейінің көтерілуі және көктемгі су тасқынының көтерілуі кезінде кездеседі. Оларға 10 мың гектардан астам Шежін және Дерін кіреді. Олар көктемде Шежін, Дерін, Үлкен және Кіші Өзен өзендерінің тасуының су астында қалады. Балықты жайылмасы Шежін мен Деріннің оңтүстігінде орналасқан және олардың тікелей жалғасы болып табылады. Олардың арасындағы табиғи шекара - Балықты көлі. Балықты жайылмасының алып жатқан жер аумағы 470 км² шамасында [4].

Балықты жайылмасының көлтабанында мал азықтық бағалы шүйгін шөптердің басым көпшілігін қоңырбас қауымдастықтары құрайды. Қоңырбас (*Poa*) – астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық өңірінде таралған. Қара, құм топырақты, саз балшықты жерлерде, дала мен шөлді аймақта өсетін 38 түрі бар. Батыс Қазақстан облысында ең кең таралған өкілі – шалғынды қоңырбас (*Poa pratense L.*). Балықты көлтабандарында қоңырбас қауымдастығының 28%-ы кездеседі.

Шежін жайылмасы табиғи көлтабандарындағы өсімдіктер қауымдастығының негізгі мөлшері түрдің ареалына байланысты Евразиялық аймаққа тән. Зерттелген түрлердің ішінде даражарнақтыларға (18 түр, 38%) қарағанда қосжарнақтылар (30 түр, 62%) басымдық танытты. Түрлерге бай тұқымдастар, олар: *Poaceae* (11 түр), *Asteraceae* (10 түр), *Fabaceae* (4 түр), *Lamiaceae* (4 түр), *Brassicaceae* (3 түр) және *Rosaceae* (3 түр). Ақмамық қауымдастығының өсімдіктер жамылғысына флористикалық талдау жасала отырып, анықталған өсімдіктердің биоморфологиялық және географиялық

кұрылымы талданды, фитоценодикалық және экологиялық топтары анықтала отырып шаруашылық маңызы да айқындалады [5].

Қазақстандағы өсімдіктердің инвазивті түрлерінің ішінде ақмамық (*Puccinellia*) бірқатар себептерге байланысты ерекше назар аударуға лайық. Өйткені ақмамық – құрамында протеині көп, мал шаруашылығында құнарлы, жоғары өнім беретін, құрғақшылыққа төзімді, тамырынан дәрі жасайтын астық тұқымдасына жататын өсімдік [6].

Ақмамық (лат. *Puccinellia*) туысы – астық тұқымдасына жататын, шамамен 150 түрі кездесетін көп жылдық шөптесін өсімдік. Италияндық ботаник Бенедетто Луиджи Пуччинеллидің (1808—1850 жж.) құрметіне аталған өсімдік түрі 10-80 см биіктікте өседі. Жерасты өсімділері жоқ, сабағы тік, жапырақтарының ені 0,5—5 мм болатын сызықты, жалпақ немесе бүктелген, жалаңаш немесе өрескел формада болады. Жемісі—ұзындығы 0,8-2,5 мм болатын кариопсис, гүл табандарымен бірге түседі. Ұзын немесе дөңгелек пішінде кездесіп, ұрықтан 4-6 есе қысқа болады.

Қазақстанда ақмамықтың 15 түрі таралған. Олар сортаңды шалғындарда, өзен, арық бойларында, құмды жерлерде, тау бөктерлерінде және оның биік қыраттарында өседі. Шежін жайылмасы көлтабандарында бытыраңқы ақмамық (*Puccinellia distans* L.) көп кездеседі. Олар көлтабанның 38 %-ын алып жатыр [7].

Батыс Қазақстанның далалық аймағында ақмамық (*Puccinellia distans* L.), қоңырбас (*Poa pratense* L.) қауымдастықтары жоғары өнімділік беретін, мал азықтық дақыл ретінде өте көп кездесті. Алайда ауа райының өзгерісі, соның ішінде жауын-шашынның аз болуы, суару жүйесінің дұрыс жүргізілмеуі салдарынан бүгінгі таңда бұл өсімдіктердің саны азайып кетті. Егер суару режимі біркелкі болып, ылғал мол болған жағдайда ақмамық пен қоңырбастың өсу биіктігі де жоғары болады. Соған сәйкес биологиялық өнімділігінің мөлшері де көтеріліп, азықтық дақыл ретінде шабындықта қолдану арқылы жемшөп сапасының құрамын жақсартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кожгаалиева Р. Ж., Кучеров В. С., Фетисов И. М. // Инновация в аграрном секторе Казахстана : материалы международной научнопрактической конференции, посвященной 75-летию профессора К.С.Сабденова. – Алматы, 2008. – С. 23-26.
2. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда ЗападноКазахстанской области / А. В. Петренко [и др.]; под ред. А. В. Петренко, А. А. Джубанов. – Уральск, 1998. – 200 с.

3. Ларин И. В. Растительность, почвы и сельскохозяйственная оценка Чижинских разливов / И. В. Ларин // Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. – 1927. – Гл. 3, 4, 6.
4. Каталог водопользования бассейнов рек Чижа-2, Чижа-1 и др. водотоков ЧижинскоДюринских разливов. - Уральск, 1981. – 58 с.
5. Дарбаева Т.Е. Өсімдіктер систематикасы // Оқу құралы. – Орал, 2007 – 166.
6. Дарбаева Т.Е., Альжанова Б.С., Бохорова С.Н. Өсімдіктер қауымдастығының зерттеу әдістемесі // Оқу-әдістемелік құралы. – Орал. 2018 – 135 б.
7. Ә.Ә. Әметов Ботаника // Оқулық. – Алматы.2005 – 417 б.

